

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Мамлютка қаласы әкімінің 2025 жылғы 5 наурыздағы № 20 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 19-бабы 1-1) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Мамлютка қаласының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Транснефть-Урал" акционерлік қоғамына жалпы ауданы 0,0375 гектар жер учаскесіне жария сервитут белгіленсін, оның ішінде Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Мамлютка қаласының аумағында орналасқан, қосымшаға сәйкес, мұнай құбырын қайта жаңарту үшін 3 жыл мерзімге жер телімінен.

Шектеулер, ауыртпалықтар, сервитуттар: жер учаскесі "ҚазТрансОйл" акционерлік қоғамының электр беру желісін кесіп өтеді, кадастрлық нөмірі 15-225-061-042, "ҚазТрансОйл" акционерлік қоғамының "Түймазы-Омбы-Новосібір 2" магистральдық мұнай құбырының күзет аймағы, "Уфа-Омбы", "Уфа-Петропавл" магистральдық мұнай құбырының күзет аймағы "Транснефть-Урал" акционерлік қоғамы.

2. "Транснефть-Урал" акционерлік қоғамы жұмыс аяқталғаннан кейін жер учаскесін нысаналы мақсаты бойынша одан әрі пайдалануға жарамды күйге келтірсін.

3. "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлютка қаласы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы шешімнен туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Мамлютка қаласы әкімінің орынбасары А.К. Биктимировке жүктелсін.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

А. Оразалинов

Солтүстік Қазақстан облысы
Мамлютка қаласы әкімінің
шешіміне қосымша.

2025 жылғы "___" _____

№ ___ қаулысына қосымша

Жер экспликациясы

			гектармен	
№ р/с	Кадастрлық нөмір	Ж е р пайдаланушыларды ң атауы	Берілетін алаң, га	оның ішінде
				табиғи жайылымдар
Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер				
1	15-233-020	Мамлютка қаласы	0,0375	0,0375

Елді мекендер жерлерінің жиыны:			0,0375	0,0375
Мамлютка қаласы бойынша жер жиыны:			0,0375	0,0375
Мамлют ауданы бойынша жер жиыны:			0,0375	0,0375

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК